**Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес туристік және рекреациялық мақсатта жер телімдерін пайдалануға беру жөніндегі тенде рлік комиссия отырысының**

**№73 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **17 қаңтар 2025 жыл**

| | |
|---|---|
| Комиссия төрағасы: | М.Айтимбетов – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің бас директорының орынбасары |
| Комиссия төрағасының орынбасары: | А.Тажиева – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің ТРЭА бөлімінің меңгерушісі |
| Комиссия мүшелері: | С.Оспанова – Түркістан облысы ТР және ТПРБ-ның орман бөлімінің бас маманы; |
| | А.Төребеков – Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы, сәулеттік жобаларды дайындау мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бас маманы; |
| | Ж.Мустакимова – Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы, жер кадастры және жерге орналастыру бөлімінің басшысы; |
| | Б.Мауленова – Түркістан облысының туризм басқармасы, туризмді дамыту және туристік жобаларды жүзеге асыру бөлімінің басшысы; |
| | Ж.Сүйінбай – «Жайылма» қоғамдық бірлестігінің төрағасы; |
| | Ғ.Назарбек – Республикалық «Байтақ» болашақ экологиялық алянысының президенті; |
| | Н.Ахылбеков – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің заңгер-кеңесшісі; |
| Комиссия хатшысы: | Е.Ералы – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің Туризм менеджері; |

**Өңірлік табиғи паркінің №48 лоты бойынша Түркістан филиалы Шәуілдір орманшылығы №18 орамының №4, 5, 6, 7 телімдеріндегі жер көлемі 9,2 га учаскені ұзақ мерзімге пайдалануға беру туралы**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия хатшысы Е.Ералы «Сырдария-Түркістан МӨТП» КММ-нің Түркістан филиалындағы Шәуілдір орманшылығының №18 орамының №4, 5, 6, 7 телімдеріндегі жер көлемі 9,2 га

учаскені ұзақ мерзімге пайдалануға өтініш беруші Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, үй 11, пәтер 96, ТОО «KTM EXPORT» тапсырған құжаттармен тендерлік Қағидаға сәйкес комиссия мүшелерінің танысқанын хабарлады. Комисиия төрағасы М.Айтимбетов комиссия мүшелеріне өз пікірлерін айтуды ұсынды.

Бұдан кейін сөз сөйлеген комиссия мүшелері Ж.Сүйінбай, С.Оспанова, Ғ.Назарбек, Б.Мауленова, А.Төребеков, Ж.Мустакимова, Н.Ахылбеков құжаттармен танысқанын ТОО «KTM EXPORT» №48 лот бойынша жалғыз талапкер екенін, оның конкурстық ұсыныстары, құжаттары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Қағида талаптарына сайкес келмейтіндігі анықталды. ТОО «KTM EXPORT» құжаттардан тек жеке кәулік пен жазбаша өтініші және құрылыс жүргізуге келіскен медігер компаниямен келісім шарты ғана өткізген. Сол себепті қатысушының учаскені туристік, рекреациялық мақсатта пайдалануға техникалық ерекшеліктері, жұмыспен қамту, әлеуметтік қызметтері жоқ екендігі және де қаржы жағдайы, эскиздік жобасы толық еместігін атап көрсетіп, ашық дауысқа салынды. Комиссия мүшелері тарпынан бір ауыздан қарсы дауыс берілді.

Пікір алысуда ТОО «KTM EXPORT» конкурсқа қойылған №48 лоттағы жер көлемі 9,2 га учаске туристік және рекреациялық мақсатта ұзақ мерзімге пайдалануға берілмейтіні айтылды. Басқа ұсыныстар түскен жоқ.

**Комиссия шешім етті:**

1. ТОО «KTM EXPORT» конкурстан өтпеді деп саналсын.
2. Қағидада белгіленген тәртіптерге сәйкес №48 лот бойынша конкурсқа қойылған жер көлемі 9,2 га учаске келесі тендерге шығарылсын.

М.Айтимбетов

А.Тажиева

С.Оспанова

А.Төребеков

Ж.Мустакимова

Б.Мауленова

Ж.Сүйінбай

Ғ.Назарбек

Н.Ахылбеков

Е.Ералы